

## ҚАРАЛДЫ

Абай облысының білім басқармасы ММ «Дарындылық пен қосымша білім беруді дамытудың облыстық ғылыми-әдістемелік «Дарын» орталығы» КМҚК ғылыми-әдістемелік кеңесінің отырысы «29» қаңтар 2026 ж.

## БЕКІТІЛДІ

Абай облысының білім басқармасы ММ «Дарындылық пен қосымша білім беруді дамытудың облыстық ғылыми-әдістемелік «Дарын» орталығы» КМҚК директоры Ж. Ныязбекова  
«18» қаңтар 2026 ж



### Халық ақыны, фольклоршы, сазгер Ш.Әбеновтың туғанына 125 жыл толуына орай өткізілетін «Шыңғыстаудың Шәкірі» облыстық шығармашылық байқауының ЕРЕЖЕСІ

#### 1. Жалпы ережелер

- 1.1. Осы ереже жалпы білім беретін мектеп оқушылары арасында өткізілетін облыстық «Шыңғыстаудың Шәкірі» атты шығармашылық байқауын (әрі қарай – Байқау) ұйымдастыру және өткізу тәртібін, байқаудың мақсаты мен міндеттерін, қаржыландыруды, қатысуын және жеңімпаздары мен жүлдегерлерін анықтау тәртібін айқындайды.
- 1.2. Байқауды ұйымдастырушы Абай облысы білім басқармасы «Дарындылық пен қосымша білім беруді дамытудың облыстық ғылыми-әдістемелік «Дарын» орталығы» КМҚК (бұдан әрі – «Дарын»)
- 1.3. Өту мерзімі: сәуір

#### 2. Байқаудың мақсаты мен міндеттері

- 2.1. «Шыңғыстаудың Шәкірі» атты байқауының мақсаты - жас таланттардың шығармашылық қабілетін дамыту, поэзияға деген қызығушылығын арттыру, ұлттық құндылықтарды насихаттау және көркем сөз мәдениетін қалыптастыру
- 2.2. Міндеттері:
- Ш.Әбеновтың әдеби мол мұраларын зерделеу, оны көпшілікке насихаттау;
  - абыз тұлғаның ақындық және қайраткерлік, фольклоршы, сазгер, зергерлік, сәуегейлік қырларын жас ұрпаққа таныту.

#### 3. Байқау қатысушылары

- 3.1. Байқауға жалпы білім беретін және мамандандырылған мектептердің, лицейлердің, гимназиялардың 8-11 сынып оқушылары қатыса алады.
- 3.2. Қатысу - ақылы, ерікті негізде жүзеге асырылады.
- 3.3. Байқау қашықтықтан өтеді.

#### **4. Байқауды ұйымдастыру және өткізу**

**4.1.** Байқауды ұйымдастыру және өткізу үшін ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі – Ұйымдастыру комитеті) құрылады.

Ұйымдастыру комитеті:

- байқаудың жалпы өткізу тәртібін анықтайды;
- байқаудың жалпы өту мерзімі мен орнын белгілейді;
- өткізуге тікелей басшылықты жүзеге асырады;
- байқауға қатысу үшін өтінімдерді қабылдайды;
- байқаудың қазылар алқасының құрамын бекітеді;
- байқаудың жұмыстарын бағалайтын критерийлерді анықтайды;
- байқауды талдайды және қорытындылайды;
- жүлдегерлерді марапаттайды.

**4.2.** «Шынғыстаудың Шәкірі» облыстық байқауын бағалау үшін төрағадан және алқа мүшелерінен (барлығы 3 адамнан кем емес) құралған қазылар алқасы құрылады:

- қатысушылардың білімі мен өнерін бағалаудың өлшемдерін бекітеді;
- қатысушылардың білімі мен өнеріне талдау жасайды және он баллдық жүйемен бағалайды;
- қазылар алқасы қорытындыны берілген бағалау критерийлері негізінде жүзеге асырады;
- жеңімпаздарды анықтайды және жүлделі орындарды белгілейді.

#### **5. Байқау шарттары**

Байқау 4 номинация (бағыт) бойынша өткізіледі.

**5.1.** «Өлең-өнер, ойыншық емес ермек» номинациясы бойынша (қатысушы ақынның өлеңдерінен, поэмаларынан үзіндіні жатқа оқиды. Жаттаған шығармалар саны он (15) өлеңнен кем болмауы керек. (Қатысушы өзі жаттаған шығармаларының тізімін өтініммен бірге электронды нұсқада ұсынады.) Ереженің 1-қосымшасындағы көрсетілген өтінімге сәйкес оқылатын шығармалардың бейнебаянын ютуб арнасына жүктеп, сілтемесін қоса жолдауға тиіс.

*Бағалау критерийі:*

- тіл тазалығы;
- ақын өлеңдерін және поэмаларын мәнерлеп жатқа оқуы (дауыс ырғағы, интонация);
- жатқа білетін өлеңдер саны;
- сахналық мәдениеті, киім үлгісі;
- түсірілім сапасы.

**5.2.** «Ән мен күйім-халқыма сыйым» бағытында (қатысушы Ш.ӘбенOVтың бір әнін не термесін, күйін музыкалық аспаптың сүйемелдеуімен орындайды.) Ереженің 1-қосымшасындағы көрсетілген өтінімге сәйкес орындайтын шығармалардың бейнебаянын ютуб арнасына жүктеп, сілтемесін қоса жолдауға тиіс.

*Бағалау критерийлері: (ән)*

- аспапта ойнау техникасы;
- әнді жанды дауыста орындау шеберлігі;
- сахналық мәдениеті, өзін-өзі ұстауы;
- киім үлгісінің үйлесімділігі;
- түсірілім сапасы.

*Бағалау критерийлері: (күй)*

- орындау шеберлігі;
- күй орындаудағы әдіс-амалдар, қағыс ерекшелігі
- сахналық мәдениеті, өзін-өзі ұстауы;
- киім үлгісінің үйлесімділігі;
- түсірілім сапасы.

**5.3.« Абайдың ұшып түскен ұшқынымын...» номинациясы** бойынша жас ақындар Шәкір Әбеновке арнап шығарған өлеңдерін қағаз нұсқада Ереженің 1-қосымшасындағы көрсетілген өтінімге сәйкес [ктоlegenova72@mail.ru](mailto:ктоlegenova72@mail.ru) поштасына жолдауы тиіс. Тыңдалым **Google Meet** платформасында өткізіледі.

*Өлең құрлысына қойылатын шарттар:*

- тақырыптың нақты болуы, айтылатын ой (идея) түсінікті, оқырманға ой салатын болуы;
- әр шумақ бір-бірімен мағыналық жағынан сабақтас болуы;
- әр тармақтағы буын саны ерекшелігі;
- өлең белгілі бір ұйқасқа құрылуы;
- көркем сөздер қолданылуы, грамматикалық және стилистикалық сауаттылық.

*Бағалау критерийлері:*

- тақырыптың ашылу деңгейі;
- ақынның тіл байлығы, сөз қолданысы;
- өлеңде көркемдеуіш құралдарды (теңеу, эпитет, метафора) пайдалануы;
- автордың шығармашылық жаңашылдығы (жеке стилінің болуы)

**5.4.«Шәкір Әбеновке-125 жыл» номинациясы** бойынша қатысушылар Шәкір ақынның мерейтойына арнап өз қиялдарымен қолөнер туындыларын (сурет салу, ағаштан, теріден, металлдардан бұйым әзірлеу, т.б.) жасап, облыстық ғылыми-әдістемелік «ДАРЫН» орталығына «Шәкір Әбеновке-125 жыл» деген белгімен жібереді. (Мекен-жайы: Семей қаласы, Құнанбай көшесі 12 Б, 528 кабинет)

**ЕСКЕРТУ:** Жұмыстар бір тапсырыспен қалалық/ аудандық білім бөлімдері арқылы қабылданады.

Ұсынылған жұмыстар байқау мақсаттарына, міндеттеріне сәйкес келіп, тақырыпты ашуға тиіс:

- жұмыс (суреттер) кенепте, қағазда немесе картонда кез-келген техникада (акварель, гуашь, пастель, май, тушь және басқа материалдар) орындалады. (көлемі: 80\*60, 70\*60, 60\*50, 50\*40). Жұмыстарды инновациялық әдістермен жасау құпталады, жұмыстардың әрқайсысында оның қысқаша түсіндірме жазбасы болуы керек (жаңа бейнелеу өнер технологиялары, аралас техникалар болуы құпталады);
- байқауға бір автордан бір жұмыс қабылданады;
- суреттер жақтауланған (рамкаға салынған), арнайы ілгіші болуы керек.

Барлық жасалған жұмыстарда (сурет, қолөнер бұйымдарында) автордың аты-жөні, жасы, тұратын жері (қала, аудан, ауыл), жұмыстың атауы, орындау техникасы, мектеп атауы, жетекшісінің аты-жөні және тегі толық көрсетілуі тиіс.

5.5. Байқау материалдары кері қайтарылмайды, байқау қортындысы қайта қаралмайды (апелляция қарастырылмаған)

## 6. Байқауды қорытындылау және марапаттау рәсімі

6.1. Байқау қорытындысы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

6.2. Конкурстың бағалау критерийлері (әрбір критерий бойынша ең көп балл санын және Конкурс бойынша жалпы баллды көрсету).

6.3. Конкурс жеңімпаздарының саны әр номинацияға қатысушылардың жалпы санының 45 пайызын құрайды. Жеңімпаздар I, II және III дәрежелі дипломдармен марапатталады. Дипломдар саны мынадай пропорцияға сүйене отырып айқындалады: жеңімпаздар санының 50%-ы III дәрежелі дипломдармен, 30%-ы II дәрежелі дипломдармен, 20%-ы I дәрежелі дипломдармен марапатталады. Егер бірнеше қатысушы қажетті ең төменгі деңгейге сәйкес бірдей балл жинаса, қазылар алқасының шешімі бойынша жеңімпаздар саны көбейтіледі.

6.4. Барлық қатысушыларға қатысқанын растайтын сертификаттар беріледі.

6.5. «Шыңғыстаудың Шәкірі» облыстық байқауы жеңімпаздарын қазылар алқасы мүшелері анықтайды. Әр бағыт бойынша жеңімпаздар Абай облысы білім басқармасы «Дарындылық пен қосымша білім беруді дамытудың облыстық ғылыми-әдістемелік «Дарын» орталығы» КМҚК I,II,III дәрежелі дипломдарымен марапатталады.

## 7. Төлем жасау

7.1. Байқауға қатысу жарнасы **2000 теңге**.

7.2. Төлем жасау төмендегі реквизит бойынша жүзеге асырылады.

*Kaspi.kz арқылы:*

1) *Kaspi.kz тіркелу;*

2) *«Төлемдер» бөлімі;*

3) *«Білім»;*

4) *«Қосымша білім беру»;*

5) *«Абай облысы ББ «Дарын орталығы» (Семей қаласы, Қайым Мұхамедханов көшесі, 8);*

6) *қатысушының деректерін және төлем сомасын енгізу;*

7) *төлем әдісін таңдау (Kaspi Gold, Kaspi депозит, Kaspi әмиян, несие картасы);*

8) *төлем жасау.*

*Байқаудың атауы: «Шыңғыстаудың Шәкірі» облыстық байқауы  
Мерзім (период) деген жерге сәуір деп көрсету керек*

7.3. Қатысушылар осы Ереженің 1-қосымшасындағы үлгіге сәйкес өтінімді және қатысу жарнасы төленген түбіртеккі 2026 жылғы 15 сәуірге дейін [ktolegenova72@mail.ru](mailto:ktolegenova72@mail.ru) поштасына жолдауы тиіс.

*Қосымша ақпарат алу телефоны: 87027051925*

## Байқауға қатысуға өтінім үлгісі

## I.«Өлең - өнер, ойыншық емес ермек» номинациясы бойынша

Қатысушының тегі, аты-жөні	
Облыс, қала, аудан, ауыл атауы	
Білім беру мекемесінің атауы, сыныбы	
Байқау атауы	<b>«Шыңғыстаудың Шәкірі» байқауы</b>
Телефон, эл. поштасы	

## Жатқа білетін шығармалар тізімі, (ютубтағы бейнебаян сілтемесі)

- 1.
- 2.

## II. «Ән мен күйім –халқыма сыйым» номинациясы бойынша

Қатысушының тегі, аты-жөні	
Облыс, қала, аудан, ауыл атауы	
Білім беру мекемесінің атауы, сыныбы	
Байқау атауы	<b>«Шыңғыстаудың Шәкірі» байқауы</b>
Телефон, эл. поштасы	

## Орындайтын шығармалар тізімі, (ютубтағы бейнебаян сілтемесі)

- 1.
- 2.

## III. «Абайдың ұшып түскен ұшқынымын...» номинациясы бойынша

Қатысушының тегі, аты-жөні	
Облыс, қала, аудан, ауыл атауы	
Білім беру мекемесінің атауы, сыныбы	
Байқау атауы, номинациясы	<b>«Шыңғыстаудың Шәкірі» байқауы</b>
Телефон, эл. поштасы	

## IV. «Шәкір Әбеновке-125 жыл» номинациясы бойынша

Қатысушының тегі, аты-жөні	
Облыс, қала, аудан, ауыл атауы	
Білім беру мекемесінің атауы, сыныбы	
Байқау атауы, номинациясы	<b>«Шыңғыстаудың Шәкірі» байқауы</b>
Телефон, эл. поштасы	